



Мектеп директоры:

**“Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп”КММ
“Қызғалдақ”қыздар ұйымының
2023-2024 оқу жылына
арналған жылдық
жоспары**

Мақсаты:

- Ізетті, инабатты, адамгершілік асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.
- Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру. Әдеп пен сыпайылық, инабаттылық тазалықпен адамгершілік нәрімен сусындату.
- Үлкенді сыйлайтын, кішіге қамқор болатын, білікті, білімді, жан-жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеу.

Міндеттері:

- тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде даярлау;
- кез-келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- сұлулықпен денсаулықты сақтаудың, саламатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;
- қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру;
- болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;
- салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;
- үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру;



**“Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп”КММ
“Қызғалдақ”қыздар ұйымының
2023-2024 оқу жылына
арналған жылдық
жоспары**

Мақсаты:

- Ізетті, инабатты, адамгершілік асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.
- Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру. Әдеп пен сыпайылық, инабаттылық тазалықпен адамгершілік нәрімен сусындату.
- Үлкенді сыйлайтын, кішіге қамқор болатын, білікті, білімді, жан-жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеу.

Міндеттері:

- тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде даярлау;
- кез-келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- сұлулықпен денсаулықты сақтаудың, саламатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;
- қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру;
- болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;
- салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;
- үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру;

№	Жұмыстың мазмұны	мерзімі	жауаптылар
1	«Еркеқыз» қыздар клубының жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту	Қыркүйек	ДТЖО Азирбаева А
2	«Тазалық, тәртіп-басты талап» тазалық қарау және бақылау Қыз баланың бой жетуі, жеке бас гигиенасы туралы әңгіме, слайд	Қыркүйек	ДТЖО Азирбаева А мектеп медбикесі
3	Дәрігер мамандардың қатысуымен «Қыздардың жыныстық тәрбиесі» әңгіме кеңес	Қазан	ДТЖО Азирбаева А мектеп медбикесі
4	Мерекелік қабырға газеттерін шығару «Ұстазым менің, ұстазым» мерекелік құттықтау	Қазан	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
5	«Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тренинг сабақ	Қазан	ДТЖО Азирбаева А мектеп медбикесі
6	«Әдептілік-адамгершілік бастауы» баяндама	Қараша	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
7	«Үлгілі үйдің қыздары» дөңгелек үстел	Қараша	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
8	«Қыз бен ұлдың арасындағы қарым-қатынас» дәріс, әңгіме	Қараша	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
9	«Қыз баланың қоғамдағы жақсылық пен жамандыққа көзқарасы» дөңгелек үстел	Желтоқсан	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
10	«Ерте жыныстық қатынасқа түсудің зияны» дәріс	Желтоқсан	А.Пернебекова Л.Ерманова Г.Телқара
11	«Тазалық-денсаулық кепілі» (жеке бас гигиенасы туралы маман кеңесі)	Қаңтар	Г.Телқара Ұйым мүшелері

12	«Қыздарға не жарасымды» әңгіме жүргізу	Ақпан	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
13	«Қыз қылығымен-сүйкімді» пікірталас	Ақпан	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
14	«8-наурыз халықаралық әйелдер күні» мерекелік құттықтау	Наурыз	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
15	«Иманды болу парызың» жиналыс баяндама	Сәуір	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
16	Психологиялық тренингтер «Жылы жүрек жақсы тілек»	Мамыр	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
17	«Қызым саған айтамын» дәріс сабақ	Мамыр	Клуб жетекшісі Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер

Қыздар ұйымының жетекшісі:



А.Азирбаева

“Тобанияз ЖББМ”КММ
- «Қызғалдақ» қыздар жиналысының
Хаттамасы №1

Өткізілген күні:

« 6.09.2023 »

Жалпы оқушылар саны: 98

Қатысқаны: 85

Қатыспағаны: - 13

жетекшісі: _____ Азирбаева Айша _____

Күн тәртібі:

"Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық және оның маңызы"
баяндамасы

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша сынып жетекші сөйледі. Жиналыс жетекшісі ұл мен қыз балалар арасындағы сыйластықтың маңыздылығын атап өтті. Ол қоғамның бірлігі мен болашақтағы отбасы құндылықтарын нығайту үшін ұлдар мен қыздардың өзара сыйластығы қажеттігін түсіндірді.

Негізгі баяндамалар:

Тақырыбы: "Ұл бала мен қыз баланың достығы – сыйластықтың бастауы"

Мазмұны: Ұлдар мен қыздардың өзара қарым-қатынастағы негізгі қағидалары, мейірімділік пен құрмет көрсету, бір-бірін түсіну жолдары туралы баяндалды.

Қатысушылар өз ойларын ортаға салды.

Ұл балалар қыздарды құрметтеудің маңызы туралы пікір білдірді.

Шешімдер:

Ұл балалар мен қыз балалар арасындағы сыйластықты нығайту мақсатында:

"Сыйластық күні" іс-шарасын ұйымдастыру.

Ұлдар мен қыздар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған ойындар мен тренингтер өткізу.

Ұлдарға қыздарды құрметтеу және қорғау туралы кеңестер беру.

Қыздарға ұлдарды қолдау және сенім арту маңызын түсіндіру.

Жиналыс төрағасы: Батырова А

Хатшы . Азирбаева А

“Тобанияз ЖББМ”КММ
«Қызғалдақ» қыздар жиналысының
Хаттамасы №2

Өткізілген күні:

24.10.2023 «Қызғалдақ» қыздар жиналысы болып өтті.

Жалпы оқушылар саны: 98

Қатысқаны: 98

Қатыспағаны: -

жетекшісі: ___Азирбаева А___

Күн тәртібі: "Әдеп – ең қымбат мирас" баяндамасы

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша сынып жетекші - сөйледі.

"Әдеп – ең қымбат мирас" тақырыбының маңыздылығына тоқталды. Әдеп пен инабаттылық – әрбір қыз баланың бойындағы ең әсем қасиеттердің бірі. Ұлттық тәрбие мен ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздердің негізінде қыз балаларға құрмет көрсету мен олардың тәрбиесін дұрыс қалыптастырудың маңыздылығы айтылды. Жиналыста әдеп пен инабаттылықтың қыз бала тәрбиесіндегі рөлі кеңінен талқыланды. Әдеп – ұлттың айнасы және қыз балалар үшін ең асыл мирас екені айтылды. Барлық қатысушылар қыз балаларға әдеп пен тәртіптілікке қатысты бағыт-бағдар беру жұмыстарын жалғастыру қажет деген ортақ шешімге келді.

Сөйледі: Қатысушылар қазақ халқының әдептілікке қатысты нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерін ортаға салды. Мысалы:

"Қызға қырық үйден тыйым".

"Қыз өссе – елдің көркі".

"Әдепті қыз – елдің ырысы".

Қыз балалар өз ойларын бөлісіп, әдептілік пен инабаттылықтың өмірде қаншалықты маңызды екенін түсіндірді.

Ұстаздар қыз балалардың болашағына әдептің тигізер әсері туралы кеңестерін айтты.

Шешімдер:

Қыз балаларға әдеп пен инабаттылықты күнделікті өмірде қолдану бойынша кеңестер беру.

Әдепке байланысты ұлттық құндылықтарды насихаттайтын іс-шараларды жоспарлау.

Қыз балалардың тәрбиесінде ұлттық салт-дәстүрлер мен әдептілік қағидаларын сақтау мақсатында тәрбие жұмыстарын күшейту.

Жиналыс төрағасы: Батырова А -

Хатшы: Азирбаева А -

**“Тобанияз атындағы ЖББМ”КММ
«Қызғалдақ» қыздар жиналысының
Хаттамасы №3**

Өткізілген күні:

« 15.11.23 » а «Қызғалдақ» қыздар жиналысы болып өтті.

Жалпы оқушылар саны:

Қатысқаны:

Қатыспағаны: -

Сынып жетекшісі: _____

Күн тәртібі:

- «Мектеп формасы – 23-24-» баяндамасы

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша сынып жетекші - сөйледі. мектеп формасы туралы жиналысты ашып, оның оқушылардың тәртібі мен жалпы мектеп имиджіне тигізетін әсері туралы айтты. Мектеп формасы оқушылардың бірдей стандарттарды ұстануын қамтамасыз етіп, тәртіпке бағынуды үйрететінін атап өтті. Жиналыста мектеп формасы туралы негізгі мәселелер талқыланып, қыз балалардың мектеп формасына деген көзқарасы мен ұсыныстары ескерілді. Қатысушылар мектеп формасының тәртіп пен тәрбие құралы екенін мойындап, оны сақтау қажеттілігі туралы ортақ шешімге келді.

Сөйледі: Қатысушылар мектеп формасының эстетикалық көрінісі мен қыз балалардың талғамына сәйкес келуі туралы пікір білдірді. Мектеп формасының бағасы, қолжетімділігі және оған қойылатын қосымша талаптар қарастырылды. Қыз балалар мектеп формасының ыңғайлы және сапалы болуына қатысты өз ұсыныстарын айтты.

Шешімдер:

Мектеп формасы 20- стандарттарына сай болуы үшін мектеп әкімшілігі мен ата-аналар комитеті бірлескен жұмыстар атқарады. Қыз балалар арасында мектеп формасына қатысты тәртіпті сақтау және ұқыптылықты арттыру бойынша тәрбиелік шаралар өткізіледі. Мектеп формасының үлгісін мектеп әкімшілігі бекітіп, ата-аналарға таныстырады.

Жиналыс төрағасы: :Батырова А -
Хатшы: Азирбаева А

**«Қызғалдақ» қыздар жиналысының
Хаттамасы №4**

Өткізілген күні:

14.02.2024 _____.

Жалпы оқушылар саны:

Қатысқаны: 98

Қатыспағаны: -

жетекшісі: _____ Азирбаева А _____

Күн тәртібінде: **«Шаш өру – қазақ қызына тән» баяндамасы**

Тыңдалды: • **«Шаш өру – қазақ қызына тән» баяндамасы**

1-ші мәселе бойынша сынып жетекші - сөйледі. шаш өрудің қазақ қыздарының ұлттық мәдениеті мен тәрбиесіндегі алатын орны жайлы баяндама жасады. Дәстүрдің қазіргі заманғы маңыздылығы туралы пікірталас ұйымдастырылды.

Қатысушылар шаш өрудің дәстүрін насихаттау мақсатында мектептерде, оқу орындарында және мәдени шараларда арнайы сабақтар немесе іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынды.

Шешімдер:

Қазақтың ұлттық дәстүрі – шаш өруді дәріптеу мақсатында тұрақты іс-шаралар ұйымдастыру.

Шаш өру бойынша арнайы шеберлік сабақтарын өткізу.

Қазақ қызының ұлттық киімі мен шаш өрімін насихаттайтын мәдени бағдарламалар жасау.

Жиналыс төрағасы: -Батырова А

Хатшы - Азирбаева А

«Қызғалдақ» қыздар жиналысының
Хаттамасы №5

Өткізілген күні:

« 13.03.2024 »

Жалпы оқушылар саны: 98

Қатысқаны: 85

Қатыспағаны: - 13

жетекшісі: Азирбаева А

Күн тәртібі: «Қызға нәзіктік, ұлға батылдық» баяндамасы

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша сынып жетекші - сөйледі. Қатысушыларға жиналыстың тақырыбы мен мақсатын таныстырды. Қатысушылардың көңілін тәрбиенің ұлттық құндылықтармен байланысына аударды. Қазақ халқының тәрбиелік дәстүрлері, қыздың нәзіктік пен әдептілік қасиеттері және ұлдың батылдық пен жауапкершілік қасиеттері жайлы баяндама жасады. Тақырыпқа байланысты пікірталас өткізілді

Сөйледі:

Қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, тәрбиенің ұлттық құндылықтарға негізделуі туралы нақты ұсыныстар жасады. Ұсыныстардың ішінде мектептегі тәрбие сағаттарында қыздарға нәзіктік пен ұлдарға батылдық қасиеттерін тәрбиелейтін арнайы бағдарламалар енгізу ұсынылды.

Шешім:

Қыздар мен ұлдардың тәрбиесіне арналған арнайы іс-шаралар жоспарын құру.

Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын тәрбие сағаттары мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.

Ұлдар мен қыздарға арналған жеке мотивациялық тренингтер өткізуді мдәр:

Жиналыс төрағасы:

Батырова А -

Хатшы

- Азирбаева А

Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп "КММ-де наурыз айының 5-і күні "Сырлы жеңге, сұлу қыз" атты сайыс болды. Мақсаты: Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі-өнеге алуға, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайынсіңлі арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

